

Бұланды аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 тамыздағы № 6С-5/4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 9 бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығымен бекітілген Мәслихаттың үлгі регламентіне сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бұланды аудандық мәслихатының регламенті бекітілсін.
2. Бұланды аудандық мәслихатының "Бұланды аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 5С-26/1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4180 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырда "Бұланды таңы" газетінде және 2014 жылғы 23 мамырда "Вести Бұланды жаршысы" газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.
3. Шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс 5-сессияның
төрағасы
Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

*Б.Кажаканов
Ш.Құсайынов*